

30.04.2019

## Ел бірлігі-мемлекеттік негізі

«Бірлік болмай тірлік болмас» деген атам қазақ. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. Қазақстан халқы «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерекше. Осыған байланысты Арқалық қаласындағы облыстық 2 әмбебап ғылыми кітапханасының абонемет бөлімі 1 мымыр – Қазақстан Халықтарының Бірлігі күніне орай арналған «Ел бірлігі-мемлекеттік негізі» атты көрме - репортаж ұйымдастырып, шолу жасады.

**Мақсаты:** оқырмандарға көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту. Әр байлығының негізін оқырман жүрегіне өз ұлтының тілін, дінін біле отырып, өзге ұлттың рухани байлығын сыйлауға, мәдениетін, әдет – ғұрпын құрметтеуге тәрбиелеу.

Көздің жауын алатындай көрмеге көптеген кітаптар мен мерзімді баспа сөз материалдар жиынтығы топтастырылған. Әсіресе оқырмандардың сұранысы мен қызығушылығы Дымов О. «Мы, народ Казахстана» = «We are the people of Kazakhstan» атты орысша, ағылшынша екі тілде қамтылған кітапқа назарлары ауды.

Қазақстанның көпұлтты халқының татулығы, ынтымақтастығы, бейбітшілігі біздің еліміздің ең басты байлығы. Қазақстанның көпұлтты халықтары арасындағы бірлік пен ынтымақтастығы нығая берсін! Береке – бірлігіміз арта берсін дейміз! Кітап көрмесіне Арқалық қаласындағы көпсалалы колледждің студенттері қатысты.

